

Кәсіпорындарды және акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін сеніп басқаруға берудің реті жөніндегі ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитет 1996 жылғы 23 мамыр N 381 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 22 сәуір N 292 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және Ұқсас шаралар департаментінің 1998 жылғы 22 қазандағы N 618 қаулысымен. ~V980676

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіру туралы" U952721_1995 жылғы 23 желтоқсандағы Заң күші бар Жарлығына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 қаңтардағы N 56 P960056_қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылда реформалауды тереңдету жөніндегі іс-шаралар жоспарының 51-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті қаулы етеді:

1. Кәсіпорындарды және акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін сеніп басқаруға берудің реті туралы қоса беріліп отырған ереже бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Базалық салалар бас басқармасына жүктелсін.

Т ө р а ғ а

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1996 жылғы 23
майдағы N 381 қаулысымен бекітілген

Мемлекеттік кәсіпорындарды және акционерлік қоғамдар
акцияларының мемлекеттік пакеттерін сеніп басқаруға
берудің реті туралы
е р е ж е

1-бап. Негізгі айқындамалар

1. Ережеде мына ұғымдар пайдаланылады:

Комитет - Қазақстан Республикасының меншігіне қатысты мемлекет мүддесін білдіруге өкілетті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті;

Қатысушы - қажетті құжаттар тапсырған және ұсынылған жағдайлармен шарттама жасауға келіскен жеке тұлға, мемлекеттік емес заңды тұлға немесе ш е т е л д і к з а ң д ы т ұ л ғ а ;

Объект - акцияларының мемлекеттік пакеті сеніп басқаруға берілетін мемлекеттік меншік кәсіпорны немесе акционерлік қоғам;

Өтінім - Комитет ұсынған, қажетті құжаттардың белгілі бір жиыны, сондай-ақ Қатысушының шарттама жасауға және оны орындауға берген келісімі;

Тендер комиссиясы - объектіні және акциялардың мемлекеттік пакетін басқаруға шарттама жасау жөнінде тендер ұйымдастыру үшін Комитет құрған о р г а н ;

Басқарушы фирма - Комитетпен шартқа отырушы, Тендер жеңіскері.

2 - б а п . Ж а л п ы е р е ж е л е р

Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіру туралы" U952721_ Заң күші бар, 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Жарлығына сәйкес әзірленген және жеке тұлғалардың, мемлекеттік емес заңды және шетелдік заңды тұлғалардың мемлекеттік меншік объектілерін кейін сатып алу құқымен кәсіпорындарды және акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін сеніп басқаруға беруге шарттама жасаудың (бұдан әрі - Шарттама), сондай-ақ басқарушы фирмалардың шарттамаларды орындауларын бақылаудың негізгі тетіктерін айқындайды. Шарттама қорытындысы - тендерде жеңіске жеткен қатысушыдан объектіге қатысты белгілі бір шарттық жағдайларды орындау қажет болғанда, мемлекеттің оған пайдалану, басқару құқықтарын беру тәсілі болады. 3-бап. Тендер комиссиясын құру 1. Комитет тендер комиссиясын құрады. Өкілдері тендер комиссиясының құрамына міндетті түрде кіретіндер: а) Комитет; б) салалық министрлік; в) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі; г) Қазақстан Республикасы Экономика министрлігі; д) Қазақстан Республикасы Монополияға қарсы және баға саясаты жөніндегі мемлекеттік комитеті; е) тиісті облыстардың әкімдері; ж) еңбек ұжымы;

Осы аталған өкілдер тендер комиссиясының жұмысына тиісті түрде ресімделген сенімхаттың негізінде қатысуға тиісті. Комитеттің өкілі тендер комиссиясының төрағасы болады.

2 . Т е н д е р к о м и с с и я с ы .

2.1. басқаруға берілетін объектілер туралы белгіленген ретімен ақпарат

хабарын жариялауды ұйымдастырады.

2.2. өз жұмысының рет-жөнін дербес әзірлейді және бекітеді.

Шешім тендер комиссиясы мүшелерінің жалпы санынан жай көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, тендер комиссиясының төрағасының шешуші дауыс алуға құқы бар.

2.3. қажет болған жағдайда, кеңес беруші фирмалары тартады.

2.4. N 1 және 2-қорытындыларға сай қалып бойынша тендер комиссиясына тапсыру үшін қажетті, өтінімдер түсу шамасына қарай оларды дереу қабылдап, тіркейді, тапсырылған құжатта аталған кемшіліктерді қысқа мерзімдерде жою үшін қажетті шаралар қабылданғандығы туралы Қатысушыларға хабарлайды. Өзге қалаларда тұратын Қатысушылар үшін өтінім жеңілдетілген күнгі почта белгісі тіркеу мерзімі болып есептеледі.

2.5. N 3 қосымшаға сай қалып бойынша тендерге қатысушы болып танылатындығы туралы, не себептерін көрсетіп, тендерге қатысатынын танудан бас тарту туралы Қатысушыға жазбаша хабарлайды.

2.6. тендер жеңіскерін айқындайды.

2.7. тендердің нәтижелері туралы хаттамаға қол қояды.

4-бап. Объектіні тендерге даярлау

Объектіні және акциялардың мемлекеттік пакетін сеніп басқаруға беру туралы Комитет шешім қабылдағаннан кейін салалық министрлік, ведомство немесе өкілетті орган берілген объектінің соңғы 2 жылдағы шаруашылық қызметі туралы толық ақпар тапсырады. Қаржы министрлігі сеніп басқаруға берілетін объектінің соңғы 2 жылдағы қаржылық жағдайы туралы ақпарат а п с ы р а д ы .

5-бап. Тендер өткізу туралы хабарлау

1. Тендер комиссиясы баспасөзде жариялау арқылы сеніп басқаруға берілетін мемлекеттік меншік объектілері туралы хабар жеткізеді.

2. Тендер өткізу туралы хабар тендер өткізуге дейін кем дегенде 30 күн ішінде республикалық ресми баспасөзде қазақ, орыс тілдерінде жариялануға т и і с т і .

Тиімділік жағын жақсарту мақсатында, қосымша, халықаралық баспасөзде, объект туралы толық ақпар беретін ақпараттық бюллетень жариялануы мүмкін.

3. Комитет хабар жариялағаннан кейін басқаруға берілетін объект туралы ақпарға барлық тілек білдірушілер үшін еркін жол ашады.

6-бап. Қатысушыларға қойылатын талап

1. Өтінімді және басқа қажетті құжаттарды мезгілінде берген жеке тұлғалар, мемлекеттік емес заңды және шетелдік заңды тұлғалар тендерге қатысуға жіберіледі.

Сонымен қатар, өтінім берген жеке тұлға осы немесе осымен ағалас салада қажетті білімі және жұмыс тәжірибесі, ал заңды тұлғаның кәсіпорынды (объектіні) басқару үшін осындай біліктіктері бар өкілі болуға тиісті.

2. Тендерге қатысу үшін тендер комиссиясының атына келесі құжаттарды тапсыру қажет:

- а) N 1 және 2 қосымшаларға сай, тендерге қатысу өтінімі;
- б) инвестициялық жобаларды негіздеу әдістемесіне сай, экономикалық және коммерциялық тиімділігі есебімен техникалық экономикалық негіздеу (ТЭН);
- в) ЮНИДО әдістемесі бойынша әзірленген бизнес-жоспар (халықаралық стандарт);
- г) жеке конвертке салынған, тендердің шарты бойынша жазбаша түрдегі ұсыныстар;
- д) Қатысушының қаржылық қалпы туралы анықтама;
- е) кепілдік жарнасын енгізгендігін қуаттайтын құжат.

Кепілдік жарнаның мөлшерін Комитет белгілейді және ол Комитеттің есеп-шотына ақшалай түрде қаражат аудару арқылы енгізіледі. Жарна жеке тұлғалар үшін Комитет кассасына қолма-қол ақшамен енгізілуі мүмкін.

Сондай-ақ шетелдік заңды тұлғалардың тапсыратындары:

Бірінші сыныптағы шетелдік банктің ұсынысы;

Заңды тұлғалар нотариалдық куәландырылған құрылтайшылық құжаттарды, сондай-ақ олардың тиісті органда мемлекеттік тіркеуден өткенін қуаттайтын құжаттарды тапсырады.

3. Қатысуға өтінім қабылдау тендер өткізілетін күн қарсаңында күндізгі 18 сағатта аяқталады. Белгіленген мерзім өтісіммен өтінімдерді және құжаттарды қабылдау тоқтатылады.

4. Тендер комиссия құжаттарды алғаннан кейін өтінім берушінің тіркелген мерзімін көрсетумен оның тендерге қатысуы туралы хабар жібереді. Өтінім беруші хабар жіберілген кезден бастап тендерге қатысушы мәртебесін алады.

Өтінімдері хабарлауға қабылданбаған немесе олардан бас тартылғандарға бұл туралы себептері көрсетіле отырып, 5 күн ішінде хабар беріледі.

5. Тендерге қатысуға өтінім бергендер туралы мәліметтер жария етуге жатпайды.

6. Тендерге қатысушы бұл туралы тендер басталудан 3 күн бұрын жазбаша хабарлай отырып, тендер өткізудің белгіленген күніне дейін өз ұсынысын қайтып

7. Тендерге қатысушылардың енгізілген кепіл ақша (кепіл) сомасынан тендерді ұйымдастыру бойынша шығындардың орнын толықтыру үшін қажетті қ а р а ж а т т а р а л ы н а д ы :

- жеке жобаларды жасау бойынша консалтингтік қызметтер;
- даулы мәселелер бойынша жер-жерлерше шығу және мемлекеттік заң мекемелері немесе мемлекеттің қатысуымен заңды тұлғалар туралы шешімдерді қабылдау жолымен мәселелерді шешу бойынша іссапар шығыстары, оларды қайта құру, тарату, сауықтыру рәсімдерін жүргізу үшін, жекешелендіру үшін сенімді басқарушыға кепілдікпен мемлекеттік меншік нысандарын жалға беру, жалдау үшін шарттарға (келіссөздерге, келісімдерге) қол қою;

- қалааралық, халықаралық телефон сөйлесулерін төлеу ;

- нысандардың күзеті үшін төлем;

- т р а н с п о р т т ө л е м і ;

- жарнамамен және ақпаратпен қамтамасыз еткені үшін шығындар;

- қағаздарды, бланкілерді, кеңсе тауарларын, компьютерлердің қосалқы бөлшектерін сатып алу, құжаттарды түптеу , жабдықтарды, техникаларды жөндеу; - тендерлерді өткізуге тікелей қатысқан және жұмыс уақытынан тыс жұмыс істеген қызметкерлерді материалдық ынталандыру үшін.

8. Жеңіске жетпеген тендерге қатысушыға тендерді ұйымдастыру және өткізу бойынша шығындарды жабу үшін қажетті енгізілген сомалардың 10 процентін шегеріп қайтарады. Қалған кепіл ақша (кепіл) сомасы Қатысушыға 20 банк күні ішінде қайтарылады. ЕСКЕРТУ. 8-бап өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлікті және активтерді басқару департаментінің 1997.08.02. N 48 қаулысымен. V970048_ 7-бап. Шарттаманың жағдайы 1. Шарттаманың негізгі жағдайлары болуға тиістілері: а) белгілі бір деңгейде өндіріс бағдарын, өнім өндіру көлемін сақтау немесе одан кейінгі өсіру; б) кәсіпорынның мүліктік кешеніне кіретін әлеуметтік сала объектілерін қаржыландырып, ұстау; в) шарттамада барлық жұмыс орындарын немесе олардың белгілі бір санын сақтау;

г) объект қызметкерлеріне әлеуметтік кепілдік қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттан және өндірістегі бақытсыз жағдайлардан объект қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын қамдандыру;

д) объект мүлкін өрттен, жарылыстан, апаттан және басқа төтенше жағдайлардан, сондай-ақ дүлей күштен қамдандыру;

е) өнім сапасын және оның бәсекелестігін арттыру, өндіріс қалдығын азайту;

ж) объектінің қабылдау-өткізу актысына қол қою кезіндегі барлық б о р ы ш т а р ы н ж о ю (ө т е у) ;

з) жер қойнауына, айнала ортаға, еңбек қорғауға қатысты нормалар мен

е р е ж е л е р д і

с а қ т а у ;

и) қаржы-қаражат тарату жөніндегі міндеттемелер: айналым қаражатына берілген тауарлық несиелер, инвестициялық қаражат;

к) баға деңгейі бойынша міндеттемелер;

л) өзара қолайлы баға бойынша отандық тауар өндірушілер үшін ішкі нарық қажетін қанағаттандыру жөніндегі міндеттемелер;

м) басқарушы фирмалардың орта және ұзақ мерзімді перспективаға объектіде инвестициялық бағдарламаларды іс жүзіне асыру жөніндегі міндеттемелері мен құқықтары, олардың аймақтар мен салаларды дамытудың мемлекеттік инвестициялық стратегиясына сәйкес болуы;

н) басқарушы фирмалардың объектінің қаржылық тұрақтылыққа жетуін қамтамасыз ететін, оны құрылымдаудың толық бағдарламасын әзірлеу жөніндегі міндеттемелері мен құқықтары;

о) объектінің мобилизациялық қуаттарын қолдау;

п) әлемдік нарық бағасы бойынша Қазақстан Республикасының тысқары жерлерде өнім өткізуді жүзеге асыру;

р) жөнелтілетін өнімге алдын ала ақы төлеу кезінде проценттік жеңілдіктерді әлемдік стандарттарға сәйкес келтіру жөніндегі міндеттемелер;

сондай-ақ, тау-кен металлургия кешені кәсіпорындары үшін:

с) тау-кен кешені объектісін дамытудың Бас схемасына сәйкес тау жыныстарында жұмыстар жүргізу;

т) ашылған, алуға дайындалып, әзірленген қорлардың нормативтерін ұстау, сондай-ақ аршып алуды және пайдалы құрамдарды өңдеуді қамтамасыз ету;

у) дәстүрлі, әсіресе, ұлттық шикізат, материалдар берушілермен және тұтынушылармен шарттық қатынастардың үзілмеуі;

2. Әрбір жеке жағдайда объектінің ерекшелігіне байланысты талаптар өзгертіліп, толықтырылуы мүмкін. Бұл ретте, тендер комиссиясы сеніп басқаруға берілген өндірістік сектордың құрылымдық-салалық мәніне байланысты шарттамаға былайша ескеріп қарауға тиісті:

- тұтас сала объектілері сеніп басқаруға беріледі;

- саланың едәуір бөлігі болатын ірі өндірістік кешен сеніп басқаруға беріледі;

- жекелеген объект сеніп басқаруға беріледі. 8-бап. Тендер өткізудің реті 1. Тендер комиссиясы жеңіскерді анықтаудың мәжесін негізге ала отырып, Қатысушылардың ұсынысын қарайды. Тендер комиссиясы тәуелсіз сараптама жобаларын жүргізуге құқылы. Сарапшылар тобы Экономика министрлігінің басшылығымен құрылады және оның құрамына өкілдері кіретіндер: а) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі; б) Ғылым-министрлігі - Ғылым академиясы; в) басқа да мүдделі министрліктер мен ведомстволар. Сарапшылар тобының Қатысушылардың өтінімдерін қарау мерзімі 15 күнмен шектеледі.

2. Тендер комиссиясының шешімі оның мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең түскен жағдайда төраға шешуші дауыс алады. Дауыс тең түскен жағдайда, тендер комиссиясы Қатысушыларды келіссөзге шақырып, олардың келісімімен жеңіскерді айқындау үшін қосымша тендер өткізуге құқылы. Бұл жағдайда, тендер комиссиясына осы кәсіпорынның жұмысын жақсартуға бағытталған қосымша ұсыныстар жасаған Қатысушы жеңіскер болып танылады.

3. Тендер комиссиясының шешімі хаттамамен ресімделеді, оған тендер комиссиясының мүшелері, оның төрағасы және сауда-саттықта ұтқан адам қол қояды. Комиссия мүшелері өздерінің айрықша пікірлерін білдіріп, оны хаттамаға тіркеуге құқылы. Ол туралы хаттамаға белгі қойылады.

Жеңіскер жарияланған күннен 30 күнтізбе ішінде тендерге қатысушылар оның нәтижелеріне наразылық білдіруі мүмкін.

4. Комитет жеңіскер жария етілген күннен 5 күнтізбе ішінде тендердің нәтижелерін бекітеді. Тендер нәтижелері бекітілмеген, тендерге қатысуға өтінімдер болмаған немесе тендер комиссиясы жеңіскердің болмағаны туралы шешім қабылдаған жағдайларда, Комитет тиісті тендер комиссиясына тендердің шартын өзгертуді ұсына отырып, жаңа тендер жариялауға құқылы.

9-бап. Шарттаманың қорытындысы

1. (Қ ұ п и я) .

2. Қатысушы жақтар Тендер аяқталғаннан соң 10 күннен кешікпей объектіні және акциялардың мемлекеттік пакетін басқару шартына қол қоюға міндетті. Комитет және тендер жеңіскері арасындағы шарттама N 4 қосымшаға сай түрде жасалады.

3. Келісуші жақтар қол қойған, Комитеттің объектіні және акциялардың мемлекеттік пакетін басқару құнын қабылдау-өткізу актысын қабылдауы, шарттаманың құрамдас бөлігі болады.

10-бап. Шарттаманың мерзімдері

1. Комитет және Басқарушы фирма арасындағы шарттама оған қол қойылған кезден күшіне кіреді. Комитет акциялардың мемлекеттік пакетін (объектінің) Басқарушы фирмаға берген күннен оның мерзімі санала бастайды.

2. Шарттама өнеркәсіп саласының құрылымдық-салалық мәніне байланысты, 5 жылдан 10 жыл мерзімдерге жасалады.

11-бап. Айрықша жағдайлар

Басқарушы фирма шарттаманы тиісті түрде орындаған жағдайда, оған объектіні немесе акционерлік қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін сатып алуда басым құқық берілетін болады. Сатып алуға жататын акциялардың мемлекеттік пакетінің мерзімдері мен мөлшерін Комитет айқындайды.

12-бап. Қатысушы жақтардың жауапкершілігі

1. Қатысушы жақтар шарттама бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жауапкершілік алады, Қазақстан Республикасының заңдарымен және шарттамамен реттелмеген мәселелер бойынша, Қазақстан Республикасы бекіткен нормалар және халықаралық келісімдер қолданылады.

2. Шарттаманың талаптарын тікелей немесе жасырын түрде бұзған мәмлелердің күші жоқ, ал бұған кінәлі жақтар Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіптік, материалдық, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік алады.

3. Кінәлі жақтардың тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылуы, оларды материалдық зиянды өтеу міндетінен босатпайды.

4. Шарттама мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, кінәлі жақ басқа жағына оны бұзудан болған барлық тікелей шығынды өтеуге міндетті.

13 - б а п . Ф о р с - м а ж о р

1. Егер бұлар бөгде күш (форс-мажор) жағдайының салдарынан болса, Қатысушы жақтар шарттамадағы міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамауға, сондай-ақ оларды орындаудағы кідіріс үшін жауапкершіліктен босатылады. Бөгде күш жағдайларына, Қатысушы жақтардың бақылау шеңберінен шығатын, нақты айтқанда, әскери жанжалдар, дүлей күш (су тасқыны, жер сілкінісі және басқалары) жатады.

2. Форс-мажор (бөгде күш) болған жағдайларда, одан зардап шеккен жақ оқиғаның басталған кезін көрсете отырып, бұл туралы басқа жағына жазбаша түрде дереу хабарлайды және форс-мажор жағдайының дәлел-айғағын тапсыруға м і н д е т т і .

3. Шарттама міндеттемелерін орындау мерзімі форс-мажор жағдайы болған у а қ ы т қ а с а й к е й і н ш е г е р і л е д і .

14-бап. Шарттаманың орындалуын бақылау

Комитет және салалық министрлік шарттаманың орындалуын бақылап отырады. Комитет осы мақсатпен тиісті министрліктер мен ведомстволардың өкілдерінен жұмыс тобын құрады. Жұмыс тобы өз жұмысын Басқарушы фирманың жағдайларын ескере отырып, жасалған шарттамаға сәйкес ұйымдастырады. Басқарушы фирма материалдарды (есепті) белгіленген мерзімдерде және N 5 қосымшаға сай түрде жұмыс тобының қарауына т а п с ы р а д ы .

15-бап. Шарттаманың күшін тоқтату жағдайы

1. Шарттама мына себептердің бірімен өз күшін тоқтатады:
 - егер қатысушы жақтардың келісімен оның күші ұзартылмаған болса, шарттама күші мерзімінің соңғы күні өтісімен;
 - осы Ереженің 13-бабының 1-тармағына сай, бөгде күшке (форс-мажор) байланысты жағдайлардан басқа, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес, жақтардың бірі шарттаманы орындамаған немесе шарттаманы е д ә у і р б ұ з ғ а н д а ;
 - Жақтардың бірі басқа жағының келісімінсіз өз мүддесінің кез-келген бөлігін ү ш і н ш і ж а қ қ а б е р г е н д е ;
 - жақтардың бірі сот шешімдерін орындамаған жағдайда.
2. Басқарушы фирма объектінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерді шарттамада көрсетілген мерзімдерде орындамаған жағдайда, Комитет бұл туралы Басқарушы фирмаға 15 күн бұрын ескерте отырып, шарттаманы бір жақты түрде бұзуға құқылы.

16 - б а п . Д а у д ы ң ш е ш і л у і

1. Қатысушы жақтар осы ережеде реттелмеген барлық мәселелер жөнінде Қазақстан Республикасының заң нормаларын, Қазақстан Республикасы таныған халықаралық шарт нормаларын басшылыққа алады.

2. Шарттама бойынша объектіні және акциялардың мемлекеттік пакеттерін басқару құқын беру кезінде туындаған даулы мәселелер жақтардың өзара келісуімен немесе сотпен қаралады. Жақтардың шешуі мүмкін болмаған жағдайда, олар 60 (алпыс) күн ішінде халықаралық институциональдық төрелік орталықтарға түпкілікті шешуге беріледі. Бұл органдардың шешімі екі жағы ү ш і н д е тү п к і л і к т і б о л а д ы .

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1996 жылғы 23
мамырдағы N 381 қаулысына N 1 қосымша

_____ Тендер
комиссиясының төрағасына _____ Тендерге
катысу өтінімі (заңды тұлға толтырады) _____

_____ (өтінім берген заңды тұлғаның толық аты) 1.
Акцияларының мемлекеттік пакеттерін және беру шарттарын беру құқы сеніп
басқаруға берілетін _____ акционерлік
қоғамы (дары) туралы _____ (объектінің
толық аты) (хабар жарияланған басылымның аты, N ___ - және мерзімі) 199__
жылы "___" _____ N_____ санында жарияланған ақпарат хабарын
оқып, біле келіп, біз, төменде өтінімге қол қоюға өкілеттік алғандар, ұсынылып
отырған шарттармен және осы өтінімге тіркелген біздің ұсыныстарымызға
сәйкес сеніп басқаруға шарттама жасауға келістік.

2. Біздің ұсыныстарымыз қабылданған жағдайда, тендердің нәтижесі
жарияланған кезден 10 күннен кешікпейтін мерзімде шарттама жасауға өзімізге
міндеттеме аламыз. 3. Шарттамаға қол қойылғанға дейін біздің
ұсыныстарымыздың қабылданғандығы туралы Сіздің жазбаша хабарыңыз бар
осы өтінім арамызда шарттық күші бар болып есептелетін болады. 4. Тендердің
нәтижесі туралы шешімді мына мекен-жайға жіберуіңізді сұраймыз: _____

_____ Осы өтінімге келесі
құжаттар тіркеледі: _____

_____ (_____
заңды тұлғаның атауы) _____
_____ (өкілетті адамдардың қызмет лауазымы, аты-жөні) Қолы _____
_____ 19__ жыл "___" _____ Қабылданды: 19__ "___" _____ Қолы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1996 жылғы 23
мамырдағы N 381 қаулысына N 2 қосымша

_____ Тендер
комиссиясының төрағасы _____ Тендерге қатысу
өтінімі (заңды тұлға толтырады) 1. Акциялардың мемлекеттік пакеттерін және
беру шарттарын беру құқы сеніп басқаруға берілетін _____
_____ акционерлік қоғамы (дары) туралы _____

_____ (объектінің толық аты) (хабар жарияланған басылымның аты, N ___
және мерзімі) 199__ жылы "___" _____ N_____ санында жарияланған
ақпарат хабарын оқыған, мен, ұсынылып отырған шарттармен және осы өтінімге
тіркелген менің ұсыныстарыма сәйкес сеніп басқаруға шарттама жасауға
к е л і с е м і н .

2. Менің ұсыныстарым қабылданған жағдайда, тендердің нәтижесі жарияланған кезден 10 күннен кешікпейтін мерзімде шарттама жасауға өзіме міндеттеме аламын. 3. Шарттамаға қол қойылғанға дейін менің ұсыныстарымның қабылданғандығы туралы Сіздің жазбаша хабарыңыз бар осы өтінім арамызда шарттық күші бар болып есептелетін болады. 4. Тендердің нәтижесі туралы шешімді мына мекен-жайға жіберуіңізді сұраймыз: _____

_____ Қолы _____ 19__ жыл "___" _____
Қабылданды: 19__ "___" _____ Қолы _____
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1996 жылғы 23
мамырдағы N 381 қаулысына N 3 қосымша

_____ Тендерге қатысуға жіберу
туралы тендер комиссиясының хабары _____

_____ (тендерге қатысушының толық аты және мекен-жайы)
Сеніп басқаруға шарттама жасауға құқық алудағы тендер _____

_____ (объектінің толық аты және орналасқан
жері) 199__ жылы "___" _____, мекен-жайы _____ болады _____

_____ Тендер
комиссиясының төрағасы _____ (

Аты-жөні, қолы) 199__ жыл "___" _____
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1996 жылғы 23
мамырдағы N 381 қаулысына N 3 қосымша

Кәсіпорындарды және акционерлік қоғамдар акцияларының
мемлекеттік пакеттерін сеніп басқаруға жасалатын
ү л г і л і к ш а р т т а м а

Алматы қаласы 199__ жыл "___" _____

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 29 мамырдағы

№ 716 Р950716_ Қаулысымен бекітілген, "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы" Ереже негізінде жұмыс істейтін, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіру туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Заң күші бар Жарлығына сәйкес, бірінші жақтан, бұдан әрі "Комитет" деп аталатын, оның төрағасы _____ болып және екінші жақтап, _____

_____ Жарғысы негізінде қимыл жасайтын, бұдан әрі "Басқарушы фирма" деп аталатын, _____ мырзаның өзі болып, төмендегілер туралы осы шарттаманы жасады: Шарттаманың өзегі

1.1. Шарттаманың өзегі - Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулыларына сәйкес басқаруды жүзеге асыру құқын беру және Комитет пен Басқарушы фирма арасында өзара шарттық қ а т ы н а с т а р д ы а й қ ы н д а у .

_____ басқару құқын беру оның _____ мөлшеріндегі акцияларының мемлекеттік пакетін беру ар қ ы л ы жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

1.2. Бұдан әрі "Объект" деп аталатын _____ басқару құқын осы шарттамада көрсетілген жағдайларымен Комитет береді, ал Б а с қ а р у ш ы ф и р м а о н ы а л а д ы .

1.3. Келісуші жақтар "Басқару" - деп _____ басқарушы фирмасының Объектінің ағымдағы бірқалыпты өндірістік қызметін қамтамасыз ететін, перспективалық техникалық және әлеуметтік-экономикалық бағдарламалар кешенін іс жүзіне асыру үшін қолайлы қаржы жағдайын туғызу мақсатымен Объектіні дамытуға және техникалық қайта қаруландыруға бағытталған, сол объектінің қаржы-қаражатының, сондай-ақ заемдық немесе Басқарушы фирманың кез-келген түрде жинақтаған қаражаты есебінен айқындалатын және жүзеге асырылатын іс-қимыл мен шаралар кешенін түсінеді;

- Объектіде және оған жақын өңірлерде экологиялық жағдайда түзету мәселелерін бір мезгілде шеше отырып, өндірісті тұрақтандыру және дамыту жөнінде іс-шаралар кешенін жүзеге асыру; - Объектінің бірінші кезектегі әлеуметтік проблемаларын шешу, жұмыс орындарын сақтау және оларды жаңадан құру. 1.4. Осы шарттама Объектіні басқаруды жүзеге асыру құқын куәландыратын құжат болады. Жақтардың құқы 2.1. Комитеттің құқы: 2.1.1. Басқарушы фирмамен тіке келіссөздерде Қазақстан Республикасын білдіреді; 2.1.2. Үкімет атынан шарттамаға қол қояды;

2.1.3. Басқарушы фирманы басталардан отыз күн бұрын алдын ала хабарлай отырып, әрбір күнтізбелік жыл аяқталысымен, мүдделі министрліктер мен ведомстволардың мамандарын тарта отырып, объектінің барлық бухгалтерлік

кітаптары мен есеп құжаттарына түгендеу жүргізеді.

2.1.4. Объектінің активтерінің _____ және одан да көп проценттерін құрайтын мүлкін қарызға салуға рұқсат береді;

2.1.5. Акция иелерінің жалпы жиналысында өзінің аумақтық органдары арқылы Басқарушы фирманың өкілеттіктерін іс жүзіне асыруды бақылауды жүзеге асырады.

2.1.5. Оның дамуына жасалған, осы шарттамадағы міндеттемелердің және барлық қосымша келісімдердің орындалуын бақылайды.

2.2. Басқарушы фирманың құқықтары:

2.2.1. Осы шарттамада айтылған жағдайларымен объектінің негізгі және айналым қаражаттарын иеленеді және пайдаланады;

2.2.2. Оған осы шарттамамен берілген құқық шеңберлерінде кез-келген заңды іс-қимылдар қолданады.

2.2.3. табиғат қорғау органдары белгілеген ретімен өндіріс қалдықтарын жинайды.

2.2.4. Кеден заңдылығы шеңберінде өндіріс қызметін жүзеге асыруға қажетті машиналарды, құрал-жабдықтарды, өзге материалдарды шет елдерден әкеледі және шет елдерге шығарады. 2.2.5. әлемдік нарық бағалары бойынша әлемдік нарықта, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігімен келісілген, Объект өнімінің бір бөлігін өткізеді, бұл ретте ақы төленіп сұраныс болғанда, ішкі нарықта өнім сатуға ден қойылады. 2.2.6. әр тоқсан сайынғы қорытынды бойынша Объектінің таза пайдасынан _____ процент алады.

Жақтардың міндеттері 3.1. Басқарушы фирма алатын міндеттер: 3.1.1. Осы шарттаманың бұлжымас бөлігі - Жобаға (бизнес-жоспарға) сәйкес объектінің активтерін әзірлеп, дамыту;

3.1.2. Осы Шарттама күшінде болатын барлық мерзім ішінде жер қойнауын қорғауға, айнала ортаны қорғауға, еңбек қорғауға қатысты нормалар мен ережелерді, сондай-ақ тиісті мемлекеттік органдардың қаулыларын сақтау;

3.1.3. осы шарттаманың және Объект өнімдерінің өндірісі және өткізу жөніндегі өндірістік жоспарлардың орындалу барысы туралы Комитетке, Өнеркәсіп және сауда министрлігіне әрбір қаржы жылы өтісімен, тұрақты түрде, лайықты ақпарат тапсыру;

3.1.5. Объектінің өндірістік қызметін жүзеге асыруға байланысты барлық шығыстар мен қалдықтардың толық және дәл бухгалтерлік есебін жүзеге асыру, сондай-ақ бухгалтерлік құжаттарды тиісті түрде сақтап, мұқият жүргізу;

3.1.6. Қаржы және салық органдарының бірінші талап етуі бойынша объект қаражатын жасау және жұмсауға қатысты, сондай-ақ кәсіпорындардың мәмілелер жасау, атқару және олардың нәтижелері бойынша барлық

есептемелерін тапсыру; ревизорлардың барлық бухгалтерлік құжаттарда, материалдарда, өзге ақпарларда еркін алуын қамтамасыз ету;

3.1.7. шарттаманың күшінде болатын бүкіл мерзімінде қолдағы жұмыс орындарының санын сақтау;

3.1.8. шарттаманың күшінде болатын бүкіл мерзімінде Объект өндірістік қызметі нәтижелерінің айналадағы ортаға зиянды әсерінің қалыпты нормасынан асуына жол бермеу;

3.1.9. шарттаманың күшінде болатын бүкіл мерзімінде Объектінің өнім шығару көлемін сақтау және оны арттыруға шара қолдану;

3.1.10. Қазақстан Республикасының заңына сәйкес бюджетке және мемлекеттік бюджеттік қорларға мезгілінде салық және басқа қаражат аудару;

3.1.13. Кесте бойынша, мүмкіндігінше, қысқа мерзімдерде жеңілдікпен несиелеу және сыртқы заем қаражаттарының есебінен Объектінің айналым қаражатын толықтыруды қамтамасыз ету;

3.1.14. шарттаманың бүкіл қолданысында Объектіге жеңілдік несие беріп, өсіруде шетелдік инвесторлар тарту есебінен (Комитетпен келісу бойынша) АҚШ-тың _____ доллары мөлшеріне дейін кәсіпорындардың инвестициялық бағдарламаларын қаржыландыруды қамтамасыз ету.

3.1.15. шарттамаға қол қоюда келісілген кесте бойынша Объектінің Қазақстан Республикасының аралас қызметтері және барлық деңгейдегі бюджеттері алдыдағы барлық борыштарын жою;

3.1.16. жіберілген өнімнің мерзімі өткен дебиторлық борыштардың, сондай-ақ барлық өзге борыштардың мөлшерін Кәсіпорынға қайтару жөнінде қажетті қимылдар қолдану;

3.1.17. осы шарттаманы жасау кезіндегісінен кем емес деңгейде Объектінің әлеуметтік инфрақұрылым жағдайын және қызметкерлердің заңмен айқындалған белгілі бір санаттары үшін (жұмыс істейтін зейнеткерлер, зиянды өндірістерде жұмыс істейтіндер және басқалары) жеңілдік тәртібін қамтамасыз ету;

3.1.18. қазақстандық заңды және жеке тұлғалар құрылтайшылары болып отырған банктерден қызмет алу;

3.1.19. Басқарушы фирманың жедел шаруашылық қызметімен байланысты, активтердің өзгеруі ескеріліп, объектінің мүлкін сақтауды қамтамасыз ету;

3.1.20. заң белгілеген ретімен акциялардың мемлекеттік пакетіне дивиденд есептеп, пайдалануды ұсыну;

3.1.21. Комитетпен Объект активтерінің _____ және одан да көп процентін құрайтын мүлкін қарызға салуды, сондай-ақ Объектінің Жарғысын өзгерту мәселелерін келісу.

4.1. Басқарушы фирма несиелік міндеттемелер бойынша толық мүліктің

жауапкершілік

алады.

Басқарушы фирманың осы шарттама бойынша өз міндеттемелерін жүзеге асыру кезеңінде Объектіде шығын туындаған жағдайда, ол бұл шығындарды өз есебінен жабуға міндеттенеді.

4.2. Басқарушы фирма Объектіні техникалық қаруландыруға және әлеуметтік саласын дамытуға инвестиция тартуды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

4.3. Комитет Объектіні жекешелендіруге дайындап, жұмыс жүргізу кезінде Басқарушы фирма жан-жақты қолдау көрсетуге тиісті. 4.4. Басқарушы фирма шарттамаға қол қойылғанға дейін жасалған, мемлекетаралық шарттарға сәйкес Объектінің тұтынушыларына өнім беруді қамтамасыз етуге міндеттенеді. 4.5. Басқарушы фирманың басқа акционерлік қоғамға, не өзге заңды тұлғаға салым ретінде Объектіні, оның акцияларын сатуға немесе пайдалануға құқы жоқ. 4.6. қолдағы бар мобилизациялық тапсырмаларды орындау, жаңа мобилизациялық қорлар мен қуаттарды енгізу, мемлекеттік құпияларды сақтау; _____

_____ 5.1. Комитет алатын міндеттер: 5.1.1. Объектінің _____ процент мөлшеріндегі акцияларының мемлекеттік пакеттерін Басқарушы фирманың иеленуіне және пайдалануына беру;

5.1.2. шарттаманың күшінде болатын бүкіл мерзімінде Басқарушы фирмаға осы шарттамамен берілген, акциялардың мемлекеттік пакетін толық көлемде, ал ол ұзартылған жағдайда - ұзартылған мерзім бойында сақтау;

5.1.3. осы шарттаманың күшінде болатын мерзімі ішінде Басқарушы фирмаға жоғарыда аталған құқықтардың сақталуына кепілдік беру;

5.1.4. Олардың жауапкершілігін айқындау мақсатымен осы Шарттама бойынша Басқарушы фирманың басқару құқына кіріскеніне дейінгі жасалған мәмлелер және басқару актілері бойынша Объект басшылары қызметінің заңдылығына байланысты мемлекеттік сараптама жүргізуді қамтамасыз ету;

5.1.5. Басқарушы фирмаға және Кәсіпорынға осы шарттаманы жасау кезінде республикада қолданылып келгенінен аспайтын кеден, салық және тұтаспай заң тәртіптерін қолдану;

5.1.6. заң белгілеген ретімен Басқарушы фирмаға акциялардың мемлекеттік пакетін сатып алуда басым құқық беру;

тәуелсіз сараптама нәтижелеріне негізделген, Объектінің Жарғы қорының мөлшерін қайта бағалаудан кейін (Шартқа қол қою мерзіміндегі жағдай бойынша). Жарғы қоры қайта тіркеледі және акциялардың құны қойылады. Олар осылар бойынша Басқарушы фирмаға сатылады. Шарттама күшіне кірген күннен 6 айдан

кешікпей Жарғы қоры қайта тіркелуге тиісті.

5.2. Шарттамаға қол қойылған кезден есептегенде, екі апта мерзімде, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті объектінің жоғарыда аталған акцияларын пакетін басқаруға жазбаша сенімхат беруі, осы шарттама ережелерінің негізінде Басқарушы фирмаға Объектіні басқару құқын беруі болады.

Жақтардың жауапкершілігі

6.1. Осы шарттамаға бойынша міндеттемелер орындалмаған немесе тиісті түрде орындалмаған жағдайда Қатысушы жақтар Қазақстан Республикасы заңымен белгіленген жауапкершілік алады, Қазақстан Республикасының заңымен реттелмеген және осы шарттаманың жағдайлары жөніндегі мәселелер бойынша, Қазақстан Республикасы бекіткен нормалар және халықаралық келісімдер қолданылады.

6.2. Осы шарттаманың талап-шарттарын тікелей және жасырын түрде бұзатын мәмлелердің күші болмайды, ал оған кінәлі жақтар Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіптік, материалдық, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік алады.

6.3. кінәлі жақтардың тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылуы оларды зиянды өтеу міндеттерінен босатпайды.

6.4. шарттама мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, кінәлі жақ басқа жағына осындай бұзумен болған барлық тікелей шығындарды өтеуге міндетті.

Ф о р с - м а ж о р

7.1. Егер бұлар бөгде күш (форс-мажор) жағдайының салдарынан болса, Қатысушы жақтар шарттамадағы міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамауға, сондай-ақ оларды орындаудағы кідіріс үшін жауапкершіліктен босатылады.

7.2. Бөгде күш жағдайларына, Қатысушы жақтардың бақылау шеңберінен шығатын, нақты айтқанда: әскери жанжалдар, табиғат апаттары, дүлей күш (су тасқыны, жер сілкінісі және басқалары) жатады.

7.3. Форс-мажор (бөгде күш) болған жағдайларда, одан зардап шеккен жақ оқиғаның басталған кезін көрсетіп және форс-мажор жағдайын баяндап, бұл туралы басқа жағына жазбаша түрде дереу хабарлайды.

Жақтар осындай жағдайлардың салдарын бәсеңдету үшін бірлескен күш-жігермен шаралар қолданады.

7.4. Шарттама міндеттемелерін орындау мерзімі форс-мажор жағдайы болған

у а қ ы т қ а с а й к е й і н ш е г е р і л е д і .

Қ ұ п и я л ы л ы қ

8.1. Шарттасушы Жақтар құпиялылықты сақтауға қатысты, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңына және Үкімет ережелеріне сәйкес барлық құжаттар, ақпар, есептемелер бойынша құпиялылықты сақтаудың мерзімдерін а й қ ы н д а й д ы .

8.2. Шарттасушы Жақтардың қай-қайсысы болмасын, басқа Жағының жазбаша келісімінсіз, құпияны сақтау мерзімінде осы Шарттаманың мазмұнын немесе өзге де ақпарларды үшінші бір жаққа ашуға құқы жоқ.

Д а у д ы ң ш е ш і л у і

9.1. Қатысушы жақтар осы ережеде реттелмеген барлық мәселелер жөнінде Қазақстан Республикасының заң нормаларын, Қазақстан Республикасы таныған халықаралық шарт нормаларын басшылыққа алады.

9.2. Шарттама бойынша объектіні және акциялардың мемлекеттік пакеттерін басқару құқын беру кезінде туындаған даулы мәселелер жақтардың өзара келісуімен немесе сотпен қаралады. Жақтардың шешуі мүмкін болмаған жағдайда, олар 60 (алпыс) күн ішінде халықаралық институциональдық төрелік орталықтарға түпкілікті шешуге беріледі. Бұл органдардың шешімі екі жағы ү ш і н д е т ү п к і л і к т і б о л а д ы .

Шарттаманың күшін тоқтату жағдайлары

10.1. Шарттама мына себептердің бірімен өз күшін тоқтатады:

10.1.1. егер қатысушы жақтардың келісімен оның күші ұзартылмаған болса, шарттама күші мерзімінің соңғы күні өткен бойда. Бұл қосымша келіссөздер жү р г і з у г е ө з е к б о л а д ы ;

10.1.2. бөгде күшке (фарс-мажор) байланысты жағдайлардан басқа, жақтардың бірі осы шарттаманы орындамаған немесе шарттаманы едәуір б ұ з ғ а н д а ;

10.1.3. Бір жағы осы шарттаманы орындамаған немесе бұзған жағдайда, басқа жағы қолайлы келісілген уақыт кезеңінде шарттама ережелерін орындауды немесе оны бұзушылықты жоюды талап ету құқын алады; өйтпеген жағдайда, талап етуші жақ жоғарыда аталған уақыт кезеңінің күні өтісімен шарттаманың күшін бір жақты түрде жоюға құқы бар; 10.1.4. Жақтардың бірі басқа жағының келісімінсіз өз мүддесінің кез-келген бөлігін үшінші жаққа бергенде; 10.1.5.

жақтардың бірі сот шешімдерін орындамаған жағдайда. 10.2. Басқарушы фирма объектінің қызметін қаржылай қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерді _____ банк күні ішінде (жазумен) орындамаған жағдайда, комитет шарттаманы бір жақты түрде бұзуға және Басқарушы фирмаға осы шарттаманы орындамауы туралы талап қоюға құқылы. 10.3. Жақтардың осы шарттама бойынша қатынастары осы жақтардың барлық мүліктік талаптары реттелгеннен кейін тоқтатылады. Олар бұл туралы акт жасайды, оған қол қою мерзімінен бастап, осы шарттама күшін жояды. Шарттаманың күшінде болу мерзімі 11.1. Осы шарттама оған қол қойылған кезден күшіне кіреді. Алайда, жоғарыда айтылғандай, Комитеттің Басқарушы фирмаға акциялардың мемлекеттік пакетін берген күнінен мерзім есептеле бастайды. 11.2. Шарттаманың күшінде болу мерзімі _____ жыл (жазумен). Айрықша жағдайлар

12.1. Комитет және Басқарушы фирма өзара келісулері бойынша, қолданыстағы рет-жөніне сәйкес, осы шарттамаға өзгертулер мен толықтырулар енгізуге, шарттама күшінің мерзімін ұзартуға, сондай-ақ осы шарттаманы іс жүзіне асыруға байланысты қажетті қосымша келісімдер жасауға құқықтары бар.

12.2. осы шарттаманың барлық қосымшалары мен толықтырулары оның бұлжымас және қажетті бөлігі болады және оларға Келісуші жақтардың өкілетті уәкілдері қол қоюға тиісті.

Бұл ретте осы шарттаманың және оның қосымшасының мәтіндерінің мағынасы мен құрамында алшақтық болған жағдайда, мерзімі бұрынырақ қойылған құжаттардың ережелері басыңқы пайдаланылады.

12.3. Жақтар шарттамаға отырғаннан кейін қаржы-шаруашылық жағдайда бағалау үшін бірлесе отырып тәуелсіз аудитор тағайындайды. Аудиторлық тексерудің қорытындылары Меммүліккомына беріледі, ол бекітеді және олар осы шарттамаға қосымша жағдайларды келісу үшін негіз болуы мүмкін.

12.4. Осы шарттама орыс тілінде үш данамен жасалған және олардың әрқайсысының бірдей заңдық күші бар.